



«Бекітемін»
№50 бастауыш мектеп менгерушісінің м.у.а
Н.Ероженков

***№50 бастауыш білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-
2024 оқу жылында педагог-психологтың
атқарған жұмыстарының мәліметі***

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылында №50 бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген психологиялық жұмыстардың есебі.

Оқушылардың жалпы саны-40

Қ/с	Сынып	Оқушы саны	Қыз	Ұл	Әлеуметтік жағдайы нашар	Жартылай жетім	Тұл жетім	Ата-анасы ажырасқандар
1	МАД-тобы	6	5	3	1			1
2	1-сынып	5	5	1	2	1		1
3	2-сынып	8	7	3	1			
4	3-сынып	6	7	1	1	1		1
5	4-сынып	15	8	7	3			
Барлығы		40	27	15	4			3

Қыркүйек айында 1-4 сынып оқушыларынан мектепке дайындығын анықтау мақсатында Керн Йерасек тестімен Н.Г. Лусканованың «Мектеп мативациясы сауалнамасы» әдістемесі алынды. Нәтижесінде 16 оқушы Жоғары, 15 оқушы Орта, 2-оқушыда Төмен дәреже көрсетті. Төмен және жалпы сыныптармен жағымды бейімделуіне жағдай жасау мақсатында «Сәлеметсіңбе мектеп» тренингі жүргізілді. Бірінші сыныптың бейімделуіне байланысты ата-аналарына психологиялық кеңес берілді. 1-сынып оқушыларымен Саусақ моторикасын дамытатын жаттығулар жүргізіліп отырды.

Қазан айында Қазан айында дарынды, және үлгерімі төмен оқушылардың тізімі жасалып, оқушылармен жұмыстар жүргізілді. Отбасындағы баланың қарым-қатынасы мен эмоционалды жағдайын анықтау үшін «Отбасы суреті» әдістемесі алынып, нәтижесі 33-оқушы қатысты. Отбасылық суретте балалардың отбасымен қарым-қатынасы жақсы екендігін байқауға болады.

1-4-сынып оқушыларымен қол моторикасын дамыту мақсатында апта сайын «Саусақ гимнастикасы» жаттығуы жүргізілді.

Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын анықтау үшін «Баспалдақ» әдістемесі алынды. 1-4 сынып оқушыларнан барлығы 34 оқушы қатысып, Жоғарысы 18, Ортасы 14, Төмені 2еу.

Оқушылардың жеке мотивация аймағын түзету жұмыстарын жүргізу мақсатында «Біздің сынып бұл біз» тренингі жүргізілді.

1-4 сынып оқушыларымен өзін ортада жақсы сезінуі, бір-бірімен қарым-қатынасын жақсарту мақсатында «Достық» тренингі жүргізілді.

«Буллинг. Оны қалай тоқтатуға болады» оқушыларға буллинг туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді және де буллинг туралы 4-сынып оқушыларымен «Біз буллингке қарсымыз» тақырыбында челленж түсірілді. Позитивті өзін-өзі бағалауды дамыту, сенімділік сезімін арттыру мақсатында 4-сынып оқушыларымен «Мен өзімді мақтан тұта аламын» тренинг жүргізілді.

1-4-сынып оқушылардың ата аналарымен жиналыс ұйымдастырылды. Оқушылардың сабаққа қатысуы, 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі, оқушылардың тәртібі және де тренингтер жүргізілді.

Қараша айында 1-4 сынып оқушыларының қарым-қатынасын анықтау мақсатында «Социометрия» әдістемесі алынды. Нәтижесінде оқушылардың қарым қатынасы жақсы, шеттетіліп қалған оқушы анықталмады. Үлгерімі төмен оқушылармен логикалық ойлауын, зейінін дамыту мақсатында «Графикалық диктант» жаттығуы алынды.

Бірінші сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімделуіне психологиялық сабақ «Саусақ гимнастикасы» жаттығулары ай сайын жүргізіліп отырылды, және де «Мектептегі көңіл-күй» тренингі өткізілді. 1-4 сынып оқушыларына зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында баяндама түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Желтоқсан айы Бастауыш сыныптардың танымдық процестерін анықтау Зейіндерін, қабылдауын, есте сақтауын, ойлауын,

«Қызыл кара кестесі», «10 сөздіжаттау» әдістемесі, «Не жетпейді» әдістемесі, «Интеллектуалды даму деңгейін анықтау» және де оқушылардың мазасыздығын анықтау мақсатында «Сирс әдістемесі» алынды. Осы алынған әдістеме бойынша анықтама жазылып, карекциялық жұмыстар жүргізілді. «Бұзылған телефон», «Сөздер жұбы», «Шатасқан сызықтар» тб

Желтоқсан айының соңғы аптасында **«Ішкі үйлесімділік көңіл-күйдің бакшасы»** тақырыбында психологиялық апталық жүргізілді. Мектеп ұжымымен **«Өзара түсіністік өнері»** тақырыбында тренинг.

«Жанұядағы тәрбиенің ерекшеліктері. Ата-ана баласының кім болғанын қалайды?» 1-4 сынып оқушыларымен **«Қадірле, бағала, құрметте мейірімді бол»** тақырыбында тренинг жүргізілді.

Қаңтар айы 1-4 сынып оқушыларының теппераментін анықталып анықтама жазылды. Мұғалімдердегі күйзелісті анықтау мақсатында **«Мұғалімнің ашушандығын бағалау тесті»** алынды. Ұстаздардың басым көпшілігі 36-45 балл аралығында жинады. Бұл ұстаздардың агрессивтілік деңгейі жоғары, өмірдегі жетістіктері көп, өзіне сенімді, белсенді тұлғалар, мұғалімдердің агрессивтілік деңгейін төмендету мақсатында ұстаздар мен **«Педагогтердің эмоционалды тұрақтылығы»** тақырыбында тренинг жүргізілді. «Буллинг» туралы оқушылармен әңгіме сұхбат жүргізілді.

Ақпан айы **«Психология әлеміндегі мен»** тақырыбында сурет байқауы 1-4 сынып оқушыларымен жүргізілді. Оқушылар суретте табиғатты, күнді, жан -жануарларды, онда өздерінің ойнап жүргендері бейнелеген. Оқушылардың қолданған түстері жасыл, сары, көк түстер болды. 1-4 сынып оқушыларымен **«Көңіл-күй»** жаттығулары, 1-сынып оқушыларымен қол моторикасын дамыту мақсатында **«Нейрогимнастика»** жаттығуы жүргізілді. 1-4 сынып оқушыларына **«Кибербуллинг»** туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Наурыз айы. 3-4 —сынып оқушыларының эмоциялық сферасының жағдайын, ашушандығын және оның қарқынын айқындау мақсатында **«Кактус»** суреті алынды. 2-4 сынып оқушыларымен ақыл-ой, зейін, к

моторикасын дамыту үшін «Графикалық диктант» жаттығуы жүргізілді.

4-сынып оқушыларына ББЖМ қарсаңында ББЖМ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай? Түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сәуір айы МАД тобы оқушыларының зерделеу жұмыстары жүргізілді. МАД тобы оқушыларыннан «Керн-Иирасек» тесті, «Баланың ақыл-ой дамуының деңгейін», «Оқушылық», «Тілдік қорының даму деңгейін» анықтап, нәтижелері өңделді.

4-сынып оқушыларына ББЖМ алдында психологиялық қолдау, Әңгіме сұхбат, тренинг жүргізілді

Мамыр айында « Мен болашақ бесінші сынып оқушысымын» тақырыбында шығарма әдістемесі 4-сынып оқушыларынан алынып, нәтижесі өңделді.

«Мен бесінші сынып боламын» тренинг жүргізілді. Психологиялық қызметтің жылдық қызметі туралы талдамалық есептер қорытынды жазылды.

Педагог-психолог:



Д.Утемисова